

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сартаева Назгуль Ташкенбаевнаның *«Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру»* тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

1. Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі заманның мектеп жүйесінің алдына қойып отырған талабына орай, әрбір білім алушы өркендеген қоғам мүшесі ретінде жан-жақты дамыған, жаңалыққа ұмтылушы, өзгерістерден хабары бар, өзін-өзі бағалай алатын, бақылай алатын және өзінің табиғи қабілеттері мен мүмкіндіктерін өзі жүзеге асыра білетін, өзін қоршаған әлемге қатысты өзіндік көзқарасы қалыптасқан және ол көзқарасын айналадағы ортада қорғай білетін тұлға болуы шарт. Баланың танымдық мүмкіндіктерін анықтаудың бір жолы – зерттеушілік іс-әрекет. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеті – балалар үшін жаңа білім мен әрекет тәсілдерін ашуға бағытталған шығармашылық іс-әрекет. Ол баланың зияткерлік, шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасайды, олардың белсенділігін арттырудың, зерттелетін оқу-танымдық материалға қызығушылығын қалыптастырудың құралы болып табылады, пәндік және жалпы біліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда докторант Н.Т.Сартаеваның *«Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру»* тақырыбындағы зерттеу жұмысы бүгінгі педагогикадағы өзекті мәселеге арналған.

2. Алынған нәтижелер негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаңалығының дәрежесі.

Диссертант зерттеу жүргізу барысында төмендегідей теориялық және практикалық мәні бар нәтижелерге қол жеткізген.

1. Бастауыш сыныптың оқу үдерісіндегі *«зерттеу»*, *«зерттеушілік іс-әрекет»* және *«зерттеушілік іс-әрекет мотивациясы»* ұғымдарының мәні нақтыланды;

2. Бастауыш оқу үдерісінде зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың және сол арқылы зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыруда ақпараттық технологияны қолданудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды;

3. Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

4. Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру мақсатында *«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»* пәні бойынша қолданылатын оқу-әдістемелік кешеннің (оқулық, жұмыс дәптері, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық) дидактикалық негіздері анықталып, әзірленген оқу-әдістемелік кешен бастауыш сыныптағы оқу үдерісіне енгізілді.

Мәселеге қатысты теориялық еңбектерді зерделенуі нәтижесінде «зерттеу» және «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтылануы және «зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру» ұғымы айқындалып негізделінуі, бастауыш оқу үдерісінде зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың және сол арқылы зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыруда ақпараттық технологияны қолданудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің айқындалуы *бірінші* және *екінші* нәтиженің дәйектілігі мен *жаңалығының* дәлелі бола алады.

Үшінші нәтиже – ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі оны қолданудың теориялық бастау көздерінің анықталуымен *жаңа* әрі шынайы бола алады.

Төртінші нәтиже – ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыруға бағытталған «*Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар*» атты пән бойынша қолданылатын оқу-әдістемелік кешеннің (оқулық, жұмыс дәптері, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық) дидактикалық негіздері анықталып, әзірленген оқу-әдістемелік кешеннің бастауыш сыныптағы оқу үдерісіне енгізілуі оның *жаңалығы* мен *негізділігі* деп санаймыз.

3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыруда нәтижеге жетудің теориялық негіздерін құрайтын әдіснамалық тұғырлардың айқындалуымен; құрылымдық-мазмұндық моделінің құрылуымен, оның сәйкес компоненттері мен көрсеткіштерінің нақтылануымен, зерттеушілік іс-әрекеттің қалыптасу деңгейлерінің негізделуімен *маңызды* бола алады. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыруға бағытталған жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің әзірленіп, бастауыш сыныптағы оқу үдерісіне енгізілуі зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын көрсетеді.

4. Диссертацияның мазмұны мен жазылуы жағынан кездескен кемшіліктер.

Аталмыш диссертацияның мазмұны толық, рәсімделуінде де қателіктер кетпеген, жалпы зерттеу жұмысы талаптарға сай жазылған.

5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Сартаева Назгуль Ташкенбаевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып саналады. Диссертация нәтижелерінің ішкі бірлігі ғылыми аппараттың

тұжырымдалуында, жұмыстың бөлімдері және олардағы тараушаларда көрініс тапқан.

6. Көпшілік алдында қорғауға жіберуге ұсыну. Сондықтан, жоғарыда айтылғандардың негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығының сәйкестігін негізге ала отырып, жұмыс өте жақсы жазылған деп есептеп, Сартаева Назгуль Ташкенбаевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) атағын алуға жазылған диссертациясын көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,
п.ғ.д., профессор**



Кенесбаев С.М.